

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

«Ғ» дыбысы және әріпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58707/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тлепбергенова Нұргүл Мінбаржанқызы

Мақсаты: Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балалардың ғ дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: кеспе әріптер мен буындар, жұлдыз, зымыран мен ғаламшарлардың суреттері, дидактикалық материалдар.

Жылулық шеңбері.

Бақыт деген-

Осы шаттық шеңбері

Қол ұстасып

Тұрайықшы , кел бері.

Бақыт деген-

Көрмей қалса сағынып,

Мені іздейтін

Адал жүрек сендегі.

Күндей жадырап,

Айдай арайлап,

Жұлдыздай жадырап,

Судай таза көңілмен,

Бүгінгі күнімізді бастайық

Әңгімелесу.

— Аспанда нелер болады, балалар?

— Дұрыс айтасыңдар, ал зымыран бізге не үшін қажет? Зымыранмен кімдер ұшады?

— Қазақстаннан алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкерлер – **Тоқтар Әубәкіров** пен **Талғат Мұсабаев**. Олар ғарышқа ұшып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар — ержүрек, батыр, халық қаһармандары.

— Сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме?

— Олай болса, «Жұлдызды қалашық» даярлықтан өтуіміз керек.

Жұмбақ:

Көп әріп ішінді-

Шалғы пішінде.

Тап мұны түсінде.(F)

-Дұрыс таптыңдар, бұл «ғ» дыбысы. «F» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынадай:

Ерін ашылып, тілдің ұшы тілдің астыңғы түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен «ғ» дыбысы естіледі.

-Балалар, «ғ» дыбысын айтып көрейік.

-«F» дыбысы-дауыссыз дыбыс, әндетіп созып айтуға келмейді.

-Дауыссыз дыбысты көк белгілейміз .

-F дыбысынан келетін сөздер айту.

-Қане кім «аға» сөзін қима әріптер арқылы тақтаға жазып береді?

Тәрбиеші тақтаға қысқа буындар жазып балаларға оқытады:

ҒА,ҒҰ, ҒЫ, ҒО,ҒӘ.

— Өте жақсы, сендер берілген тапсырманы жақсы орындадыңдар.

Ал енді **«Аспан әлеміне-«** ұшуға рұқсат берілді. 1-10 ға дейін сандарды тура және кері санайық. (музыка ойналады).

— Ғарышқа да келдік. Аспан әлемінің біздерге даярлаған құпия тапсырмалары бар.

I — тапсырма. «Кім епті?» дидактикалық ойын

Дауысты ,дауыссыз дыбыстарды үйіне орналастыр.

II — тапсырма. «Кім тапқыр?» дидактикалық ойын

Мақсаты:Берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру.Ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру.Түстерді тез айырып,жылдамдыққа ,тапқырлыққа баулу.Достық қарым -қатынасты тәрбиелеу.

Ойын шарты:Тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында ,ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап,егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк дөңгелек,ортасында болса,жасыл дөңгелек,соңында болса,сары түсті дөңгелекті жоғары көтереді. Суретке қарай отырып, **Ғалым, торғай, Ғалия,жаңғақ,таға, Ғани, балға** сөздеріне дыбыстық талдау жасау

Сергіту сәті:

III — тапсырма. «Сөйлемді толықтыр». дидактикалық ойын

-Өзімнің үлкен бауырымАға

-Құлағыма таққаным.....Сырға

-Қап-қара құс.....Қарға

-Ат тұяғындағыТаға

-Көйлекте бар.....Жаға

-Қолыма киемҚолғап

-Шегені қағатын.....Балға

— Өте жақсы, сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер.

IV — тапсырма. Тіл ұстарту жаттығуы: Ға — ға — ға

Атқа тақты таға.

V — тапсырма.

ә) «**Артығын тауып қорша**» дидактикалық ойын .Берілген суретке қарап Ғдыбысы бар суретті қорша .

VI — тапсырма. .

— Барлық тапсырманы жақсы орындадық, енді балабақшамызға қайтуға жиналайық. Қане бәріміз бірге санайық: 1-10тура және кері санаймыз . музыка қосу

— Балалар, сендердің білімдеріңнің арқасында, бүгінгі ғарышқа сапарымыз сәтті аяқталды. Сендерге көп — көп рахмет.

Оқу қызметін қорытындылау.

— Балалар, бүгін біз қайда саяхатқа шықтық?

— Қандай дыбыспен таныстық?

— Ғ дыбысы қандай дыбыс екен?

— Ғ дыбысына сөз ойлаңдар.

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жұмбақ шешуді, сөз ойлап айтуды, қима әріптермен сөздер жазуды, жаңылтпаш жаттап алуды, сөздерді буынға бөлуді.

Игереді: буынға бөлуді оны сызба түрінде көрсетуді.

Меңгереді: «Ғ» дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіре білу, оқу кеспе әріптермен сөз құрастыру дағдыларын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.